

«БЕКІТІЛДІ»  
 ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры  
 Р. Емелбаев  
 " " " 202 ж.

**Жаратылыстану-математикалық бағыты**  
**«Қаржылық және экономикалық есепті талдау» пәні бойынша**  
**оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру**  
**бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған**  
**тест спецификациясы**  
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**В048 – Еңбек дағдылары**

**3. Тест мазмұны:**

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Экономикалық талдау теориясы	01	Экономикалық талдау мазмұны, пәні, міндеттері.	Оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау үшін және кәсіпорынның қысқа мерзімді және стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ағымдағы және перспективалық жоспарларды негіздеу үшін ақпарат дайындау.
		02	Экономикалық талдаудың әдісі мен тәсілдері.	Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестер мен құбылыстарды бағалау мен диагностикалаудың аспаптық әдістерін қолдану.
		03	Экономикалық талдауды ақпаратпен қамтамасыз ету	Экономикалық талдаудың ақпараттық моделін анықтау.
		04	Экономикалық талдау түрлері	Экономикалық талдау түрлерін жіктеу.
		05	Аналитикалық жұмысты ұйымдастыру	Аналитикалық жұмыс жоспарын құру.
		06	Өндірістік қызметтің негізгі көрсеткіштерін талдаудың негізгі әдістемелері	Өндірісті, негізгі, айналым активтерін және өзіндік құнын талдау әдістемесін қолдану.
02	Экономикалық талдау және қаржылық есепті талдау	07	Ұйымның қаржылық тұрақтылығын талдау.	Ұйымның қаржылық тұрақтылығына талдау жасау.

		08	Ұйымның табыстылығын талдау	Ұйымның кірістілігіне талдау жасайды.
		09	Ұйым қызметінің тиімділігін және іскерлік белсенділігін талдау	Ұйымның іскерлік белсенділігі мен қызметінің тиімділігіне талдау жүргізу.
		10	Кәсіпкерлік тәуекелдік және ұйымның болашақ банкротқа ұшырауын талдау.	Ұйымның әлеуетті банкроттығына және кәсіпкерлік тәуекелге талдау жасау.

#### 4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Қаржылық және экономикалық есепті талдау» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді колданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиет:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде оқу орындарында пайдалануға рұқсат етілген электрондық жеткізгіштердегі тізімдері».

